

(

Алматы 2004

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы
КАЗАК ҰЛТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Мұратбек Иманғазинов

ИЛИЯС
ЖАНСҮГІРОВ

Аттестаты
"Казак университеті"
2004

ББК 83.3Каз
II 48

Баспа жыл-Фарыб атындағы Қазақ ұлттық университеті
филология факультетінің Галимнан көсесі
және Редакциялық баспа көсесі үшінші

Шікір жазғандар:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік
енбек сінірген кайраткер, Қазақстан ЖМ РА академигі,
филология ғылымдарынан докторы, профессор *Т.Кәкішев*,
филология ғылымдарынан докторы, профессор *Қ.Әбдесұлы*,
филология ғылымдарынан докторы, профессор *Б.Майтанов*

Иманғазинов М.

II 48 Енияс Жансүтіров. - Алматы: Қазақ университеті, 2004. - 218 б.

ISBN 9965-12-601-1

Енияс Жансүтіров шығармашылығы тұрасындағы монография оқу
процессінде пайдаланатын жақетті енбектердің бірі екені талассым.

Қоламгер жан-жакты талант иесі. Ол тек ақындық қана емес, сонымен
әрте прозаик, журналист, қаламы карымды публицист, сатирик, драматург,
шудармашы және тағы басқа да жанrlарға қалам сүтеген сан қырлы талант.
Енияс Жансүтіровтің осы қырлары монографиялда жан-жакты қарастырылған.

И 4603020102-169
460(05)-04 Хабарланбаған

ББК 83.3 Каз

ISBN 9965-12-601-1

© Иманғазинов М., 2004
© Эл-Фарыб атындағы КазҰУ, 2004

KIPICPE

Ілияс Жансүгіров тек ақын ғана емес, үлкен прозаик, драматург, сатирик және талантты аудармашы да. Ілияс Жансүгіровтің қазак әдебиеті тарихында алатын орны үлкен. Ол өзінің шығармаларымен әдебиетіздегі көркемдік тәсілді қалыптастыруға елеулі үлес қости. Заман шындығын, оның еткен шырғаланын нақты суреттей білген реалист қаламгер. Сөз зергерінің айшықты туындылары қазактың көркем сөз мәдениетін дамытты, әдеби тілді байытты.

Ілияс Жансүгіров 1894 жылы мамыр айының 1-де бұрынғы Қапал уезінін Ақсу болысына қарасты (қазіргі Алматы облысы, Ақсу ауданы) «Қызылтаң» ауылының маңындағы Кіндікқоңыр қыстагында туған. Экесі Жансүгірдің шағын ғана дәулеті бар, ескіше хат танитын, араб-парсы, шағатай тілдеріндегі кітаптарды жинап, батырлық дастандар, тарихи оқиғалар мен аңыз-өртегілерді, әңгіме-шежірелерді жақсы билетін көзі қарасты, он саусағынан өнері тамған адам болған. Ілиястың 4 жасында анасы Қекіш қайтыс болып, жастық шағы кобіне әке тәрбиесінде өтеді. Балага қатал Жансүгір Ілиясты мезгілінде хат танытып, қазак ішіндегі белгілі ақындар мен жыраулардың кең тараган шығармаларымен, ауыз әдебиеті үлгілерімен өрте табыстырады. Табиғатынан дарынды жаратылған зерек бала Біржан мен Сараның, Өсет пен Рысжаның, Жанақ пен Тубектің, Шөже мен Кемпірбайдың айтыстарын жаттап алғыш, «Қыз Жібек», «Заркум», «Рустем-Зорап» қисса-дастандарын майын ағыза оқитын дәрежеге жетеді.

Аз уақыт өз үйінде экесінен, 1910 жылы ай жарым уақыт Қасен молдадан сабак алған соң, ауылда екі жыл экесіне шаруашылыққа көмек етіп жүреді.

1912 жылы күзде талапты жас окуға ілініп, Карагаштағы «Мамания» мектебінде төрт жарым айдай оқиды. Бірақ бұл жолы да турлі себептерге байланысты окуды тастап кетуге мәжбүр болды.

Міне, Ілиястың жас шағында алған білімі осымен аяқталады.

Білімінің аздығын, оқыган кітаптарының мәрдымсыздығын қатты сезінген Ілияс қайтсе жүйелі түрде оқымақ ниетімен 1920 жылы Ташкент қаласына барып, сондагы мұғалімдер даярлайтын қазак-қыргыз институтының екі жылдық курсына түседі. Осы кезеңде «Ақ жол» газетінде корректор болып жұмыс істей жүріп, Фани Мұратбаевтың үйымдастыруымен «Жас Алаш» газетін шыгаруға атсалысады. Өзінің «Жалпы жасқа» деген өлеңін осы газеттің бірінші бетіне бастырады. 1921 жылы деңсаулығының нашарлауына байланысты еліне кайтып, Талдықорған уезіндегі Белтоган ауылдық мектебінде мұғалім болып істейді. 1922 жылдың жазына дейін бала оқытып, осы кездері Алматыда шығып тұрған «Кедей еркі», «Тілші» газеттеріне өлеңдерін шығарады.

1922 жылы қараша айында «Қосиын» одагының шақырыуымен Алматыга келіп, «Тілші» газетіне әдеби қызметкер болып орналасады. Газетте істеу, экспедицияға шығып, халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинау жас Ілиясты ширатады, шындаиды.

1923 жылдың акпан айында Алматыдағы қазак-қыргыз институтының менгерушісі болып тағайындалады. Жас азаматтың қызметтеген өзге уақыты түгелдей кітап пен баспасөз беттерін окуға, көніліндегі көрікті ойын қағазға түсіруге жұмсалады. Осы уақыт - Ілияс творчествосындағы өрлеу, ерекше жемісті, өнімді кезең. 1924 жылға дейін Ілияс қаламынан 50 тарта өлең шықкан. Алғашқы өлеңдері 1917 жылы "Сарыарқа" газетінің 15-сі мен 22 тамыз күндері шықса, басқа жырлары «Тілші», «Кедей еркі», «Жас Алаш», «Жана мектеп», «Әйел теңдігі» басылым-

дарында жарық көреді. 1927 жылы «Беташар» атты үгіт өлеңі, 1928 жылы «Саганак» деген тұңғыш кітабы шығады.

Алайда, білім кемшілігін қатты сезінген Ілияс қаламгерлік таланты мен есімі танылыш қалса да, өз еркімен қызметтөн босанып, 1925 жылы күзде Мәскеудегі Коммунистік журналистика институтына окуга аттанады. Оны ойдағыдай бітіріп шықкан соң, әдебиет, журналистика саласындағы еңбекке қызу араласады. Алғашында «Еңбекші қазақ» газетінде істеп, кейін 1932 жылы 18 мамыр күні еткен ҚазАПП-тың соңғы жиналышында Қазақстан Кеңес жазушыларының үйымдастыру комитеті 10 адамнан құрылып, оның терагалығына Ілияс Жансүгіровті сайлайды. Қазақ әдебиетінің қалыптасуы мен алға ның басуына Ілияс осы жылдары көп еңбек сініреді. Осы қызметте 1935 жылға дейін істейді.

1935-1937 жылдарда көркем әдебиет баспасында поэзия бөлімін басқарады.

1937 жылы 5 тамыз күні жікшілдер мен шаш ал десе, бас алатын қанышезерлердің кесірінен қамауга алышып, 1938 жылы 26 ақпан күні ату жазасына бұйырылады.

Тек 1957 жылы 12 көкекте жазықсыз жазага ұшырап, республикада отызыншы жылдары орын алған зорлық-зомбылықтың, социалистік заңдылықты бұзудың қурбаны болған аса көрнекті қазақ ақыны, жазушы, журналист Ілияс Жансүгіров толықтай ақталыш, туган халқымен қауышады.

Ілиастың әруагын қастерлеп, еңбектің жарық коруіне қамқорлық, демеушілік еткен ал-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Т.Ә.Қожамқұловқа, І.Жансүгіров атындағы ЖМУ ректоры Е.Ә.Медеусовке, Ілияс Жансүгіровтің республикалық қогамдық қорының вице-президенті, "Арасан-Қапал" сауықтыру санаториясының директоры К.К.Жазылбековага мың да бір алғыс!

Автор

Ілияс Жансұгіров /1894-1938/

Ілияс Жансұгіров нағыз жан-жақты дарын иесі. Ол - қаламынан түрлі жанрда тамаша туындылар шықкан, казак әдебиеті өнерінде өшпес із қалдырган үлкен қаламгер. Өз халқының әдебиетінің іргесін қалап кана коймай, оның өміршендігін нақты өлмес туындыларымен байытқан талантты суреткер. Қазақ жеріндегі аласапыран төңкеріске дейін негізінде ауыз әдебиеті гана дамыған қазақ дала-сында поэзияның, прозаның, драматургияның, аударма, балалар әдебиеті мен журналистиканың тамаша үлгілерінің дүниеге келуіне өзіндік үлес қосқан жаңашыл қаламгер болғандығын әдебиет тарихы жоққа шығармайды.

Ілиястың бұл саладагы еңбектері туралы өз тұсында түрлі ой-пікірлер мен ғылыми топшылаулар, жеке монографиялар мен кітаптар жарияланды. Оқырман қауым, басқа да білімге құмартқан орта Ілияс Жансұгіровтің әр кезеңдегі әр жанрда жазған шығармаларына қанығып, әр қырынан тани түсті. Түрлі проблемаларға арналған жекелеген диссертациялар, зерттеу, таныстыру мақалалар және бір тәбе. Бұларда Ілияс Жансұгіров творчествосының стильдік жағынан өзіне гана тән сан қырлы ерекшеліктері, характер сомдауы, оқиға іріктеу, оны қыыстыру шеберліктері, өмір шындығынан көркемдік шындық жасау ұсталығы, тіл байлығы жайында сөз болған.

І.Жансұгіровтің әдебиетке дең қойып, кіріскен уақыттынан бастап оның творчествосы жөнінде пікір айтқандар аз болмаған. Солардың алғашқыларының бірі - Габбас Тоғжанов. Ол өзінің "Әдебиет және сын мәселелері" деген енбегінде Ілияс Жансұгіровтің творчествосына арнал бір тарау берген. Онда "...сөз жоқ, Ілияс та төңкерісшіл ақындарымыздың бірі. Өнер табатын, өркені өсетін, үміт қылатын ақындарымыздың бірі. Жаңа түр іздеу, өлсін әдемі, көркем шығару жағынан Ілияс көп ақында-

рымыздың алдында деуге болады. Илиястың бір жақсысы, Ілияс жазудың техникасын біледі, өлең, әңгіме, фельетонды қалай күрудың занын біледі...," - деп бағалады.

Илиястың 1926 жылдарға дейінгі шығармаларында "...жаңашылдық, ұсак, байшылдық, ұлтшылдық эсері байқалса, ал 1926 жылдан кейінгі жазғандарын алдыңғымен салыстырганда, олардың арасында үлкен айырма бар.

Тұр жағынан да Илиястың ілгері басқаны көрінеді ... дегенді де айтқан F.Тогжанов болатын¹.

Әбділда Тәжібаевтың «Илияс туралы бір-екі сез»² деген мақаласында сол кездің ынгайымен «ұлтшылбайшыл, жолбике» деген жөнсіз айдар таққан кезі де жоқ емес. Оған Илиястың «Ақынға», «Ызалы қиял», «Кек өгіз» өлеңдері себепкер болды.

Илиястың шығармалары хақында баспасөз бетінде 30-жылдары Өзімбай Лекерұлы мақала жазды. Онда ол С.Сейфуллиннің, I.Жансүгіровтің, Б.Майлиниң творчестволарынан (революциядан бұрынғы және кейінгі) қателіктер тауып, «бұлар жаңа өмірде корытынды жасай алмайды» деген пікір білдіреді.

Бұл пікірге С.Мұқанов қарсы шығып «...Сәкен мен Илиястың да кемшіліктері жоқ емес, деген мен бұл екеуін қазактың совет поэзиясының классигі деуге аузымыз бара аллады»,³ - тұжырым жасайды.

Ал жеке адамға табыну өріс алғанда Илиястың творчествосына да, жеке басына да қара бұл үйірер материалдар шыға бастайды.

1937 жылдың көктемінде-ақ «Жансүгіров Илияс Киротовтың өліміне арнал жазған өлеңінде саяси қате жіберді. Ол қатенің өзі де анау-мынау кате емес, үлкен

¹ Тогжанов F. Өдебиет және сын мәселелері. Қызылорда, 1929, 108-б.

² Тәжібаев Ә. Илияс туралы бір-екі сез//Еңбекші казак. 1930, 2 ноябрь.

³ Социалды Қазақстан газеті, 1932, 12 сентябрь.

кәте. Артынан түзеу орнына «Жауырды жаба тоқып жүре берді»¹ деген сөздерді естиди.

Кейін «Жансұгировтің редакциясымен 1935 жылы Сүйінбайдың үлтшылдық кітабы шықты. Ол кітаптың ішінде қазакты қыргызға өшіктіріл айдан салды»² деген ауыр айып тағылым, акыры классик жазушымыздың «халық жауы» атанип атылып кеткені белгілі.

Мезгілсіз мерт болғаннан кейін оның шығармашылығы түгіл атын атауга тыйым салынды. Тек 1957 жылы акталғаннан кейін гана шығармалары жарыққа шығып, бірте-бірте оның творчествосы жөнінде жан-жақты ой-пікірлер айтыла бастады.

1959 жылы Қазак ССР Фылым Академиясының Тіл мен әдебиет институты үйымдастырган «Қазақ әдебиетінің проблемалық мәселелері» жайындағы ғылыми-теориялық конференцияда сөйлеген қорытынды сезінде академик жазушы Мұхтар Әуезов: «Жазушылар туралы монография жазғанда С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансұгиров мұраларын терендей, сапалы түрде сарапап зерттеу шарт»³, - деп айрықша атап етті.

Ілияс Жансұгировтің ақталуы – оның тек акындық қана емес, сонымен бірге прозаик жазушы, талантты драматург, әдеби сын тұрғысындағы ауыз әдебиетін зерттеуші, балалар әдебиетінің шебері ретіндегі және оның басқа өнерпаздық көп қырлылығын тануға кең жол ашты.

Осы салалар бойынша академик Мұхаметжан Қаратайев өзінің «Эпостан эпопеяға»⁴ деген әдеби сын зерттеу еңбегінде «Жаңа заман, жаңа әдебиет», «Халықтың ежелгі жан серігі», «Ұлы ұстаз», «Асау тұллар» тарауларында әдебиетіміздің өсу белестерін сез етіп, автор І. Жансұгировтің де әр кезеңдегі асуларға қосқан үлесін көрсеткен.

¹ Қазақ әдебиеті газеті, 1936, 30 январь.

² Лениншіл жас газеті, 1937, 12 апрель.

³ Әдеби мұра және оны зерттеу. Алматы, 1962. 326 б.

⁴ Қаратайев М. Эпостан эпопеяға. Әдеби сын зерттеу. Алматы: Жазушы, 1959. 10, 20, 33, 79, 80, 84 бб.

Сонымен қатар «Социалистік реализм және қазак прозасының даму жолдары»¹ деген мақаласында І.Жансұгровтің әр кезеңде жазылған прозалық шығармаларына тоқталады.

Қажым Жұмалиев «Стиль – творчестволық ерекшелік»² атты мақаласында Қазақ совет әдебиетінің негізін салған майталман ақын-жазушылардың, оның ішінде І.Жансұгровтің творчестволық стиль ерекшеліктерін сез етеді.

Ал Есмаганбет Ысмайлұв І.Жансұгровтің творчестволық ізденулері жайында көптеген пікірлерін өзінің «Белестер биігінен қарағанда»³ деген мақаласында көзинен ашып айтқан.

Ілияс Жансұгровтің творчествосы туралы зерттеудерге қатысты ой-пікірді Тұрсынбек Кәкішев «Әдебиеттану ғылыми туралы бірер сез»⁴ деген мақаласында саралап, ақынның кешегі және бүгінгі зерттеушілерінің, еңбектері мен тұжырымдарын тілге тиек етеді. Сондай-ақ «Қазақ әдебиеті сынының тарихы»⁵ атты кітабындағы «Абайтану асуладары» деген тақырыппен берілген болімінде Ілиастың өз тұсындағы Абай шығармаларының зерттелуі, жариялануы жайындағы, сонымен бірге «Абайдың тарихи туысы», «Абайдың ата заманы», «Абайдың өз заманы», «Екі заманның салырылысы», «Абайдың қайшылықтарына» деген еңбектеріндегі пікірлерге тоқталып өтеді.

Зерттеу еңбектердің ішінде Илияс Жансұгровтің өмірі

¹ Социалистік реализм және қазак прозасының даму жолдары // Жұлдыз, 1959, №8, 103-190 бб.

² Жұмалиев Қ. Стиль - творчестволық ерекшелік // Қазақ әдебиеті, 1959, 27 науібрь.

³ Ысмайлұв Е. Белестер биігінен қарағанда // Қазақ әдебиеті, 1963, 14 шіноң.

⁴ Кәкішев Т. Әдебиеттану ғылыми туралы бірер сез // Жұлдыз, 15-958.

⁵ Қазақ әдебиеті сынының тарихы. Алматы: Санат, 1994. 408, 409, 411-414, 416 бб.

мен творчестволық даму жолдары кең көлемде берілген, оның ішінде жаңа тақырып, жаңа образ, лирикалық эпостық жанрларды мейнгеру, оған қосқан өзіндік үлестері, оның өскен ортасы туралы сөз еткен үлкен еңбек 1965 жылы «Ілияс Жансұгіров»¹ деген атпен Мырзабек Дүйсеновтің авторлығымен жарыққа шығып, кейінгі зерттеулерге соқпақ салып берді. Ілияс Жансұгіровтің прозасын әңгімелегендегі, ірілі-уақты шыгармаларына, әсіресе, «Жолдастар» романына қысқаша талдау жасалған.

Ілияс Жансұгіровтің поэзиялық, лирикалық шыгармаларын мейлінше кең зерттеген әдебиет зерттеушілерінің бірі – Тұрсынхан Әбдірахманова. Өзінің 1965 жылы жарыққа шыгарған «Ақын сыры»² атты кітабында ақынның өлең жазудагы шеберлігіне, өлең құрылышына, лирикасындағы еңбек, әйелдер, революция, жастар тақырыбына жазылған өлеңдеріне көптеген құнды пікір білдірген.

Сондай-ақ, Б.Ақмұқанова «Жиырмасынышы жылдардағы әңгімелер ерекшеліктері»³ мақаласында Ілияс Жансұгіровтің прозалық шыгармаларына тоқталып, жазушының әңгімелерін қысқаша айттып отеді.

Х.Әдібаев «Қол жеткенге көз салсақ»⁴ деген еңбенінде, Т.Ыдырысов «Очерк туралы ойлар» деген⁵ кітабындағы «Жанараган өлке, жаңа адам келбеті» тарауында жазушының алғашқы бесжылдықтар кезінде жазған очерктеріне талдау жасап, тұжырымды пікірлер айтқан.

¹ Дүйсенов М. Ілияс Жансұгіров. Өмірі мен творчествосы. Алматы: Ғылым, 1965. 300 б.

² Әбдірахманова Т. Ақын сыры (Ілияс Жансұгіров лирикасы туралы). Алматы: Жазушы, 1965. 165 б.

³ Ақмұқанова Б. Жиырмасынышы жылдардағы әңгімелер ерекшеліктері // Жұлдыз, 1960, №12, 135-144 бб.

⁴ Әдібаев Х. Қол жеткенге көз салсақ // Жұлдыз, 1963, №1, 141-147 бб.

⁵ Үдырысов Т. Очерк туралы ойлар. Алматы: Қазақстан, 1969. 212 б.

Ә.Әзниев «Қазақ повесі» кітабында жаирдың совет дәүірінде туу жэне қалыптасу кезеңдерін атап, И.Жансұғировтің қазақ повесіне сіңірген еңбетінң негізге ала отырып, оның повестерінс шолу жасайды.

Р.Нұргалиев «Арқау» атты монографиялық еңбегінде Илиястың прозалық шығармаларының ішінде «Күк», «Жол аузында» әңгімелеріне «адам мінездерін аша білетін реалистік диалогке құралған шығармалар»² деп жоғары баға береді.

Каламгердің прозалық шығармаларын соңғы жылдары зерттеп жүрген ғалымдардың ішінде Ләzzат Әділбекована атап өткен жөн. Атап айтқанда, И.Жансұғировтің публицистикасы, шағын әңгімелері, «Жолдастар» романы жөнінде өзіндік ой-пікір білдіріп, ғылыми топшылаулар жасауда. Осы сала бойынша зерттеушінің еңбектерін атар болсақ, ол «Илияс Жансұғировтің публицистикасы», «Қазақ әдебиетінде Илияс Жансұғиров творчествосының зерттелуі»³ жэне т.б., сонымен қатар И.Жансұғировтің «Жолдастар» романы жөнінде әдістемелік құрал шығарды.

Илияс Жансұғировтің ақындығына айрықша назар аударылғандықтан, оның шығармашылығының басқа қырлары туралы аз айтылып, жазылып келсі десек те, үлестен құр алақан емеспіз. Прозалық шығармалары мен сатирапары шығармалар жинағында да, жеке кітап болып та әлсін-әлсін шығыш келеді. Сонда да «Көп қырлы талант иесі И.Жансұғировтің даңқын шығарған, алдымен, оның поэзиясы»⁴ екенін баса айтуға құмарлығымыз басым.

Алғашқылардың бірі болып Е.Бекенов 1923 жыны «Тілші» газетіндегі «Неге шабан өсеміз?»⁵ деген мақала жазып, Илиястың бірқатар сатирапары әңгімелері – «Бақтың

¹ Әзниев Ә. Қазақ повесі. Алматы: Мектеп, 1989. 121 б.

² Нұргалиев Р. Арқау. Алматы: Жазушы, 1991. 514-516 бб.

³ Әділбекова Л. И.Жансұғиров творчествосының зерттелуі: Әдістемелік құрал. Алматы, 1-10 бб.

⁴ Бердібаев Р. Биік парыз. Алматы: Жазушы, 1980. 124 б.

⁵ Бекенұлы Е. Неге шабан өсеміз? //Тілші, 1933, 20 июнь.

әдісі», «Ташкендікке тарт», «Куыршакқа» назар аударған болатын.

1934 жылы «Ілияс фельетон жанрына үлкен еңбек сініріп жүргендігі. Алаш жазушылары бұл жанрды өркенде алмагандығы нағыз фельетонды жазған Ілияс пен Бейімбет. Бұл даусызы¹ деген Р.Жаманқұлов 1936 жылы «Әдебиеттегі формализм мен натурализм» деген айтыс макаласында «Ілиястың сатирапық әңгімелерінде кейілкер характерлері ашылмаган, алған объектісі күнгірт, заман талабына сай емес»² деген болатын. Қайсысы шын, қайсысы кезең ынгайымен айтылғанына уақыт күэ.

1957 жылы Сәкен, Бейімбет, Ілиястар тарихқа қайта оралғаннан кейін зерттеу ісі күшіне түсіп, 1965 жылы Мырзабек Дүйсенов «Ілияс Жансұғіров» атты жазушы ақын шығармашылығы жөнінде монография жазып³, докторлық диссертация қорғады. Эр жанрдағы еңбектері бағалана бастағанда 1965 жылы Е.Жақыпов Ілиястың сатира, әсіресе, фельетон жанрында «ұзақ еңбек сініргенін, онымен жас фельетонистерге үлкен тәлім бергенін»⁴ баса айтты.

Б.Қыдырбекұлы 1965 жылдың 25 мамырында «Лениншіл жас» газетінде шыққан «Ұытты сөздің зергері»⁵ атты макаласында Ілиястың сатирапық туындыларына жоғары баға беріп, оның осы жолдагы суреткерлік шеберлігінің қыр-сырын айтады.

F.Орманов «Ара» журналындағы «Күлкі-сықақ сенгірі»⁶ деген макаласында Ілиястың сатирасы, оның ұытты, пәрмендігі, әсерлігі, оған жас жазушылардың еліктеуі, езінің содан үйренгендерінде баяндаган-ды.

¹ Жаманқұлов Р. Қазак әдебиеті, 1934, 23 июль.

² Жаманқұлов Р. Әдебиеттегі формализм мен натурализм туралы айтыс // Қазак әдебиеті, 1936, 25 июль.

³ Дүйсенов М. Ілияс Жансұғіров. Алматы: Фылым. 300 б.

⁴ Жақыпов Е. Танқыбайдың фельетондары // Қазак әдебиеті, 1936, 28 июнь.

⁵ Қыдырбекұлы Б. Ұытты сөздің зергері // Лениншіл жас, 1965, 25 май.

⁶ Орманов F. Күлкі-сықақ сенгірі // Ара, 1965, №5, 6-7 66.

Серік Қирабаев С.Сейфуллиннің творчестволық жолы жөніндегі кітаптың 99-109-беттерінде Ілиястың шығармаларына тоқталып, оның сатира және юморлық нақышта жазылған әңгіме-фельетондарына пікір білдірген.

Илиястың газет беттерінде жарияланған фельетондары жөнінде республикаға танымал журналистер мен зерттеушілер - Б.Қыдырбекұлы², Т.Ұйырысов³, Б.Оразбеков⁴ осы жаңрға тікелей араласып, оны байыткан, фельетон жазу шеберлігін шындаған жазушының тілі уытты, азы екендігін атап өткен. Сонымен бірге Ілиястың бірқатар фельетондарына, оның ішінде «Сөз Қамысбаевқа, «Кек» деген фельетондарына талдау жасалынған.

Сатирик жазушының еңбектеріне тікелей араласып, ішкі ірім-құпияларын ашып, қөптеген сықақ әңгімелері мен фельетондарына аса бай ғылыми талдау жасаган ғалым-зерттеушілер – Мырзабек Дүйсенов пен Темірбек Қожакеев.

1965 жылы «Ғылым» баспасынан жарық көрген М.Дүйсеновтің І.Жансүгіровтің өмірі мен творчествосына арнаған кітабы және Т.Қожакеевтің «Қазақ совет фельетоны» енбегі⁵, «Сатира және дәуір» монографиясы⁶, «Сатирадың жанрлар»⁷ окулығы жоғарыда айтылған шікірлерге дәлел бола алады.

Басқа сатирадың әңгімелерін айтпағанды, Т.Қожакеев қаламгердің фельетондары жөнінде «Ол әрі өткір сатираның, уытты фельетондарың дара шебері еді. Ашы

¹ Қирабаев С. С.Сейфуллин. Алматы: Қазмемкемәдеббас, 1962, 99-109 бб.

² Қыдырбекұлы Б. Әдебиеттің акперен жанры // Жұлдыз, 1966, №4, 127-134 бб.

³ Ұйырысов Т. Ашы мысыл, уытты тіл // Жұлдыз, 1962, №12, 154-156 бб.

⁴ Оразбеков Б. Фельетондар жинағы // Қазақ әдебиеті, 1962, 27 июль.

⁵ Қожакеев Т. Қазақ совет фельтоны // Кандидаттық диссертация колкказбасы, 1961.

⁶ Қожакеев Т. Сатира және дәуір. Алматы: Жазушы, 1976, 204 б.

⁷ Қожакеев Т. Сатирадың жанрлар. Алматы: Мектеп, 1983, 213 б.

күлкі, әзіл-сықақ, жеңіл юмор Ілияс творчествосының тоят берер, сұбелі жатқан бір қыры. Тіпті, Ілиясты қазақ совет әдебиеті мен баспасөзіндегі фельетонның негізін салушы атасы десе де болады»¹, - деп бага береді өзінің «Қазақ совет фельетоны» деген диссертациялық еңбекінде.

/Жазушы шығармашылығының үлкен, комақты орын алатын шығармаларының бірі - «Жолдастар» романы/. Бұл роман жайында Рахманқұл Бердібаев «Отызынышы жылдардағы роман жаирының дамуы туралы» атты мақаласында шолу жасап, кейінгі «Роман және заман»² деген еңбекінде басқа романдармен бірге бұл туындыға да талдау жасап отеді.

Осы еңбекпен қатар сол тұста «Жолдастар» романына М.Дүйсенов³, М.Қаратаев⁴, Р.Токтаров⁵, Б.Шалабаев⁶ құнды пікірлер білдіріп, бұл туынды талассыз қазақ роман жанрының дамуына, қалыптасуына үлкен үлес косқандығын атап отті.

Қысқасы, қазақ әдебиетінің ірі оқілдерінің бірі – Ілияс Жансүгіровтің творчествосы жөніндегі ой-пікірлер мен зерттеулер біrsыныра. Бұл арада ол жөніндегі мақалалар мен рецензияларды тізіп көрсетуге еңбек көлемі көтермейді, оны кейінгі талдау кезінде ретіне қарай атап отыратынымыз сөзсіз. Ал жоғарыда айтылып өткен еңбектер жазушы творчествосын зерттегендердің ең сұбелілері екенін еске тұттық.

¹ Қожакеев Т. Қазақ Совет фельтоны // Кандидаттық диссертация колжазбасы, 1961. 77 б.

² Бердібаев Р. Роман және заман. Алматы: Жазушы, 1967. 28 б.

³ Дүйсенов М. Илияс Жансүгіров (монография). Алматы: Фылым, 1956, 56-62 бб.

⁴ Қаратаев М. Таңдамалы шығармалар. I том. Алматы: Жазушы, 1974, 231 б.

⁵ Токтаров Р. Проза сыны // Қазақ әдебиеті, 1966, 9 декабрь.

⁶ Шалабаев Б. “Жолдастар” романы туралы. // Қазақстан мектебі, 1962, №10, 32-37 бб.

Ілияс Жансүгіров – лирик ақын

«Ілияс Жансүгіровтің ірі поэмалары -
«Дала», «Күйші», «Кұлагер».

Осы үш поэма түсінда қазақтың
Абайдан кейінгі поэзиясы аса биік
ірі сана табады».

Мұхтар Әуезов

Жалпы, ақындық қасиет адамға ерте қонақындығы, әдетте өлең шығару жас кезден басталатыны дүйім жүртқа мәлім факт. Бірақ сондай дарынға түрткі болатын иғілікті жайт - ойы мен көңілін қозғар орта болмаса, оған қандай да бір жағдай жасасаң да, одан шығар нәтиже шамалы.

Ілиястың өскен ортасы да, өмір кешкен қогамы да оның ең алғаш қалам тартып, ақындық жолға түсүіне түрткі болған, дарынын, ішкі талант құбылыс-қасиетін ашқан, әсемдік әлеміне жетелеген - Жетісу табиғаты мен өзінің туыл-өскен жерінің сұлулығы. Әдетте, сұлулыққа тәнті болған адам гана құштарланады, інкәрлік сезімге бөленіп, толғаныска, қиял-сезімге бой ұрады. Бұл жайтын Ілияс та басынан кешірген. Бойындағы сезімтал қасиеті оның ойын сан-саққа жүгіртеді, қинайды, әбден қалжырап, бәлкім қасындағы өзін сезетіндей адам табылмагасын қоюна қалам алуы да ғажап емес. Алғашқы өлендерінің бірінде былай деп жырлайды:

Аңы қөніл,
Тұңы өмір,
Төсек - темір, бар ма дос?
Қайғы баптап,
Ойды шақтап
Сырғанақтап жүрмін бос.

(«Шам-шытырық»)

немесе,

«Жел жалауды желбірет!
Желікпен шықсын іштен дерт», -
деп, ішкі дергі қалай шығарарын білмей дал болады.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Ілиясқа жас, албырт кезінде табиғаттың сұлу көрінісі ерекше әсер еткен. Табиғатқа інкәрліктен туган балғын жырлары айналадагы тылсым сәт пен жарқыл қаққан өмір көріністерін туса, кейінірек эпикалық шығармаларға батыл ауыз салады.

«Ілияс поэзиясындағы мөлдір арнаның бірі - табиғат лирикасы» - дейді Р.Нұргалиев озінің «Арқау» атты монографиялық еңбегінде. «Туган жерін, елінің тау-тасын, өзен-көлін беріле сүйген патриот ақын қоршаган ортасын, гажап сұлулығынан өз шабыттына нәр алыш, сан алуан бояулары буырқанған гажап суреттер салды. Бұлардың ішінде нақты географиялық адресі танылған («Ағынды менің Ақсұым»), табиғаттың бір сәттегі көрінісін бейнелейтін («Ақшам», «Бұлт», «Желді құн», «Жазғы тан»), құбылысты кез алдыңа әкелетін («Жауында», «Жел», «Тас») сан алуан үлгілер бар. Натюрморт, этюд, эскиз сипаттындағы туындылардағы ойлар, символдық бейнелер, ишарат образдар философиялық идеяларға жетелейді, көп магыналы сарын-әуездерді тудырады»¹.

Шынында да ақынға суреткерлік, қылқалам шеберлігі секілді қасиетке ие болмай, ірі полотно жазу мүмкін емес. Ілияс өз бойындағы осы бір буырқанған қасиетті ауыздықтай ала алды ма?...

- Жок!

Шынайы дарын тірі, көрікті табиғатты сезіне отырып, оның тылсымынан шыға алмастан, оны мүмкін-қадірінше одан әрі игергісі келгендікten, қаламын сілтей берді.

Қазак ортасында өлең өнері ертеден-ақ ерекше орын алды десек, табиғатты жырлау кенже қалған тақырыптардың бірі. Ілияс мұны сезінбеуі мүмкін емес. Сезінді де осы тақырыпқа ерекше ден қойды.

Ілиястың табиғат лирикасына орай жазылған қай өлеңін алыш қарасаңыз да, ондағы стиль өрнегі, қалам-

¹ Нұргалиев Р. Арқау. Алматы: Жазушы, 1991. 479 6.

герлік дара тұлғасы айқындалып тұрады. Өлсіндегі эпикалық кеңдік, теңеу, эпитет, метафора, градация, эпифора, анафора байлығы оның поэзиясындағы негізгі белгілері десек, одан халықтық, фольклорлық леп ескендей сезіледі. Олай болуы заңды да. Халқымыздың құт-берекесі дарыған, көне заманнан даналық пен ақындық мекені болған Жетісу жерінің перзенті Ілияс бала күннен бастап өлең мен жырдың қойнауында туып, сонда есіп-өркендеген. Нәтижесінде нағыз халықтық пафоста, танымдық-білімдік тұргыдан берері мол, этнографиялық ғылым саласына жақын жазылған өлеңді оқып тамашалайсыз.

Ақ үйге алты қанат келсем кіріп,
Босага, мандайша мен табалдырық,
Кереге алты жапсар, алпыс уық,
Шаңырак, күлдіреуіш оған жуық.
Құр, танғыш, басқұр, арқан, екі аяқ бау,
Торт ірге, есік жабық, ши туырлық,
Он бес бау ішкі-сыртқы белдеу, желбау,
Тұскиіз көрпе, көпшік, шай шымылдық
Текемет, жастық шапан, кілем, сырмак,
Алаша, бешпент, көйлек, сәлі берік,
Самаурын, үстел кесе, шәйнек, шәугім,
Дәдеге, сандық, кебеже, ақ тұндік...

Бұрын-сонды мұндай өлең жазылмаған. Бұл қазақ поэзиясындағы жаңа серпін, жаңа үрдіс.

Бұл - өлең үлгісін Ілияс жас шағында жазған. Қазірде ұмытыла бастаған үй-жабдығын өлеңмен өріл, атауын атал, тұсін түстеп беру Ілияс шыгармаларын ерекше ажарланыпрады. Осы тұргыда жазылған өлең үлгілері Ілияс поэзиясында кейінгі кезеңдерде берік орын алған.

«Жетісу суреттері» өлеңі Ілиястың ең айшықты шыгармаларының бірі. Өз тұсында М.Әуезов бұл шыгарманы бағалап быттай деген еді: «Мен Ілиясты бұрын білуші ем, өлеңдерін оқып жүретінмін. Бірақ оның шын

магынасында дарынды ақын екенін мойынданым сол «Жетісу суреттері» өлеңін оқығаннан кейін.

«Жетісу суретінде» ақын 52 тіршілік иелерін атап өтеді. Өлең жолдары былай келеді:

Мінеки. Алатауга біткен торғай:
Қара, боз, сұық, бұқпас, сипті, шымшық,
Шашашақай, майлық, маубасбұқа, шәже,
Тоқылдақ, сан-сапалақ атаулысы - ...

Ал андар атаулысы: сілеусін, ілбіс, аю, бұғы, бұлан
қасқыр, шибері, қарсақ, сусар, бұлғын, жанат, таутеке,
арқар, қаракүйрық, сұыр, марал т.б.. Жыртқыш құстар:
тазқара, балтажұмар, құмай, жұртшы, су бүркіт, лашын,
тұйған, тұнжыр, тынар, мықи, ителгі, бәрпі, қырги,
тұрымтай, бидайық, бүркіт, тығанқ тағы басқа да құстар
мен қазірде ұмыт болған ағаш-шөптердің атаулары өлеңде
ерекше жарасым тауып, табиги түрде орын тепкен.

Долана, ұшқат, шетен, ыргай, арша,
Ақ сасық, қызыл қайың, барша, шынар.
Шырғанақ, сөңке, терек, сөгет, емен,
Үйенкі, сырғай, балын, тораңғылар,
Сарыағаш, қойқарақат, жиде, шетен,
Тобылғы, түйекүйрық бауыр құрттар,
Караган, бозқараган, шенгел, шілік,
Сықылды ағаштардың талайы бар...

деп, Жетісудың бай, шүйгін табиғатын жырга қосады.
Тегінде, «Жетісу суреттері», «Жалпы сын», «Тау суреті»,
«Жетісудагы су суреті», «Жетісу жәндігі», «Жер түгі»
тәрізді бес бөлімнен, 333 жолдан тұратын көлемді туынды.
Бұл шығарма асқан шебердің қолынан шыққан, құлпырып
жайнаган, ерекше пафоспен жазылған қазақ поэзиясын-
дагы еш қайталанбас құнды поэзиялық мұра.

Қазақ әдебиетінің құнарлы саласының бірі - поэзия
болса, Ілияс сол құнарлы салага бар қүш-қуатын сарка
жұмсаған алпауыт ақынның бірі.

В.Г.Белинский Пушкин мен Лермонтов поэзиясына орай «Бүкіл әлем, гүл, бояулар, дыбыстар, бар жаратылыс, барлық өмір-поэзия дүниесі, осы құбылтыстардағы құния қуат, оларға тіршілік, ойнақы өмір беретін сырлар поэзияның жаны мен тетігі. Поэзия - әлемдік өмірдің кан тамырының соғуы, сол өмірдің қаны мен оты, жарығы мен құні» - десе, бул анықтама Ілиястың да поэзиясына қатысты айттылған соз. Олай болатыны - жоғарыдағы атап өткеніміздей, Ілияс поэзиясы бастан-аяқ қазақтың халық әдебиеті мен халық тілінен иәр алып дамыған шыгармашылық десек, оның тағы да бір қайнар бұлак көзінің бірі - классикалық орыс әдебиеті. Бұл бұлактан өз тұсында әуелі ұлы Абай сусындаласа, сол Абайдың сансалалы поэзиясынан Ілияс та үйреніп, өзіне тәлім алған. Кейін жиырмасыншы жылдары Пушкин, Лермонтов, Крылов, Державин, Некрасов т.б. ақындардың шыгармаларымен көбірек шұғылдана отырып, олардың бірқатарын қазақ тіліне аударады. Сонымен бірге әлем әдебиеті классиктері Гюго мен Гейне, Гете, татар ақыны Г.Токайды, тәжік ақыны К.Лахутиді және басқа да дуние жузі поэзиясының өкілдері мұраларының қыр-сырына үңіліп, одан үнемі үйреніп, үлкен ізденіс жасаганы Ілияс поэзиясының диапозонын кеңейтті.

Ілияс Жансүгіров поэзия әлеміне жастай келді десек, атап өткеніміздей, балғын, талапкер шағында Абайдың поэзиясы оған ерекше әсер етті. Әйтпесе, Ілиястың жас шағындары «құттырган күндеріндегі» өлеңдері әр-әр жерде айттылған жерінде қалып, көп мұралары сактаусыз шашылып қала берген. Сол өлеңдерінің алғашқыларының бірі «Балдырган» атты жинақ дәптеріне енген Абайдың жерімен жазған өлең нұскасы төмендегідей келеді.

Салды бұлбұл енді әнге,
Құйқылжытқан келді әнге.
Тау менен тас мұнданып,

Аргы мен салды бергі әнге.
Ағаш, тогай қуанып,
Әкетті ерітіп жерді әнге.
Жан-жануар танырқап,
Тамсандырды елді әнге.
Тоқсан толғап қайырып,
Токтады барып әренге... -

дегі жырлайды. Мұнда не үйқас, не форма, не өлең өлшемдері сакталмаған. Бұл Абайға дейінгі өлеңдері. Бұдан кейін, өзі айтқандай, «...Абай артық әсер етті. Ойым ояна бастады. Қайта-қайта тоймай оқи беретін болдым. Өзімде біртүрлі сергектік, сілкініс, жүрегімде жаңалық сездім. Жазуға талабым оянды, Келсе де келмесе шұқылып, өмірді өлең қыла бастадым...»¹ - дейді.

Ақын поэзия әлеміне 18 жаста келеді. Оны дәлелдейтін мына факт. 1958 жылы Қалижан Бекқожин «Халық өмірінің өрен жыршысы» деген мақаласында: «Біздің әдебиетшілеріміз Ілиястың ақындық өнер адымы 1919-1920 жылдардан басталды деп келді. Бұл қазір теріске шықты. Алматының Пушкин атындағы көпшілік кітапханасының архив корынан жуықтаған табылған I.Жансүгіровтің өз қолымен жазылған екі өлең дәптері ақынның өлеңді 1915-1916 жылдардан бастап жазғанын дәлелдейді»². 1986-1988 жылдар арасында баспа бетін көрген «Бес томдық шығармалар жинағында» I.Жансүгіровтің бұл томы ақын өлеңдерінің жазылу хронологиясына карай жасалуымен байланысты, оның «Күзгі гүлге» өлеңімен ашылып отыр. Бұған дейін Илияс Жансүгіров творчествосы 1915-1916 жылдардан басталады делиніп келсе, ақынның Қазақ ССР Мемлекеттік архивіндегі өз корынан табылған (№37 папка, 127-бет) осы өлеңі ол пікірді өзгертіп, оның творчествосының бұдан гері сәл

¹ Жасүгіров I. Жетісу. Алматы, 2001. 7 б.

² Жансүгіров I. Шығармалар, өлеңдер, поэмалар. Алматы, 1958. 4 б.

ілгеріректен басталатынын дәлелдеп отыр» (319-бет). Бұл - ақынның өз қолымен жазған «Балдырган» және «Қызыл жалау» атты өлең дәлтері. Яғни, сол дәлтерінде жоғарыдағы аталған «Күзгі гүлге» өлеңі 1912 жылы жазылған. Ал баспа бетін тұңғыш рет 1917 жылы «Сарыарқа» газетінің 15-сі мен 22 тамызы күнгі «Тілек» және «Сарыарқаға» деген атпен жарық көреді. Ілиястың бұдан кейінгі шығармалары баспасөз беттерінен жиі шығып, творчестволық есу зөвөлдіктерінде оның мемлекеттік миссиясынан да жақын жақын жүрді. Оның кезеңдегі поэзиясының денін былай деп көрсетеді: «Мен тәнкерістен әрі жерде хат шығарып, қисса окудан артық сауатым болмаган ауыл наданымын. 1917 жылдың түсінінде бостандық пен көбейе бастаған газет-журналдар мені үлкен жазуға еліктірді. Еліккенен ешиэрсе шығара алмадым ... 1921 жылы «Жас Алаш» газетінде 22 марта шықкан №1-дегі «Жас замандастарға» деген бас мақала менікі және сол нөмірде «Жалпы жасқа» деген өлеңім де басылды. Менің алғашқы баспасөзге шыққан, бірінші шыққан мақалам осы»¹ - дейді. Жоғарыда аталған «Сарыарқа» газетіндегі басылған жырларын атамағаны ол өлеңдеріне көнілі толмаса керек. Бұл Ілиястың әлі де болса ақындық шеберлігі толыспаған, езіне сенімсіздеу, сынни көзқарас таныттын тұс.

Оның кезеңге орай Әбділда Тәжібаев Ілияс поэзиясы жөнінде төмендегідей түжырым ұстанады:

«Біздің байқауымызша /мүмкін үстірт те болар/,
І.Жансүгіров лирикалары үш басқышқа болінеді /әрине
шартты түрде/: Бірінші басқыш - Ілиястың әлі өзін
таппаган, өзгелерге көбірек үқсайтын тұсы.

Екінші басқыш - Ілиястың өзін-өзі таба бастаған, бірақ ақындық мәдениеті жетіспегендіктен өлеңдерінің әрі шұбалаң, әрі шұбар тұсы.

¹ Жансүгіров I. Сөзстан. Мен қалай жаздым? Алматы: Жалын, 1987, 95-6.

Ушінші басқыш - Ілиястың жас жағынан да, өнерлілік жағынан да толықкан, өлеңінің түрі мен мазмұнын келістіре тауып, лирикалық жырларына эпикалық қуат берген тұсы»¹, - дейді.

Илияс әр түста да өз творчествосына аса жауапкершілікпен қараган болса, Ә.Тәжібаевтың көрсеткеніндегі, алғашқы басқышта «Әлі өзін таппаган өзгелерге ұксайтын» кезеңді басынаң өткөрген. Бойындағы қасиеті - қашама білімі биіктеп, олең жырлары мен шығармаларын халық сүйсініп оқып, құрметтесе де өзіне көнілі толмаган. Үнемі өзіне сын көзбен қарап, туган әдебиетіне де жанаширылыш сезімін әрдайым айқындала отырады. Енді бір 7-8 жыл өткесін өз-өзіне келген акын сол тұстагы әдебиетте белең алған дөрекі социологияның жақтаган шикі, талғамсыз шығармалар туралы ойына қашама тұсау салса да, қажетті жерде аяусыз сын айтатын сәт те туады.

«...Бірқатар құргак жасасындар, рапорттар жазылады. Колхоз, совхоз, тракторды жалпылап, жасасындар, науқан жайында өлеңмен үлкен рапорттар, ұзын-ұзын поэмалар мен бatalар беріліп жатты. Оны ел сүйсініп оқыған жок, қайта жүрегін айнитты.

Сөйтіп, біз сол екі жылда, 1930-1932 жылдың ішінде әдебиетіміздің, әсіресе өлеңдердің құнын арзандатып, сапасын төмендетіп алдық. Менің «Социалдық ауыл», Сәкеннің «Социалистан», Сәбиттің «Көмір-коммунизм», «Алатаудың алыбының» қақ жартысы, Бейімбеттің «Рапорт», Қалмаканның «Екпінді», Асқардың «Құрылым», Мәжиттің «Құрылым жыры», «Социализм жыры» деген жинақтары, Тайырдың «Коммунизм таңы», Гальмұның «Балға-орагы», «Донғалағы», Исаның «колхоз, совхозы», Жақаннның сол жылғы өлеңдері, Өтебайдың «Ақ алтын»,

¹ Тәжібаев Ә. Бес томдық шығармалар жинағы. Т.Н. Алматы: Жазушы, 1981. 153 б.

«Кара алтындар» тағы баскалар - сапасы төмендеген шығармалардың белгілері. Бұларда адамды жырлаган мазмұн, тартыс жоқ, тек жалиылау «Көп жасасын» болды. Адамды көрмей, ауылдан қашып, тек «трактор», «аэроплан», «бесжылдық» деп жалпылап, жауыр поэманды көбейтіп алдык.

Поэзияда әлі жемісі көркем, тілі бай, мазмұны күшті үлгілі олеңдер жоқ. Қызықты тартыс жоқ. Өлеңге жан бітіретін лирика жоқ...»¹ деп, құрдас қаламгерлердің көркемдік кемшілігін жасырмай ашық айтады да, әдебиет сыйнысы есебінде қаламы уытты екенін танытады.

Көздеген мақсаты - қазак әдебиетінің жарқын болашағы, шығармалардың көркемдік аясының кеңеюі, образдардың айқын ашылуы, реализмнің кең өріс алуы, жалпы әдебиеттің дамуын жеделдету еді.

Ілияс - өзінің әдебиет әлеміне келіп, өмірінің соңына дейінгі 20 жылға, творчестволық кезеңіне дейін күшін сарқа мол еңбектенген қаламгер. Ілияс - өз заманының кекейкесті кез келген әлеуметтік мәселелерге үн қосып, өз дәуірінің болмыс-бітімін жан-жақты бейнелеп, жырлап еткен ақын. XX ғасыр басындағы қазақтың агартушылық-демократиялық бағыттары қаламгерлердің оку-білімге шақырган идеялық ой-толғамдарына үқсас «Жаңылғым», «Талғамалар», «Маңым», «Жыбырлық», «Замандасқа» атты өлеңдерінде тәнкеріске дейінгі надандық пен жокшылықтан шығар бір жол - оку-білім екенін айтып, сонымен қатар адами-моральдық мәселелерге дең қояды.

Өнерге үмтүл, енерді біл замандас!
Қамдан, жатпа, заманыңдан хабарлас!
Бінта салсан, білім туын қолға алсан,
Тенденс тиер, ешкім күйе жага алмас! -

¹ Жансүгіров И. Сөзстан. Алматы: Жалын, 1987. 83-6.